# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 29 (828) 18 шілде 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ, АЛТЫН ДӘН ЖӘНЕ БАСТОМАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

***«Қазақстан Республикасындаеы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Маежан Жұмабаев аудандық сайлау комис-сиясы 2024 жылеы 12 шілдеде келесі кандидаттарды тіркеді:***

**2024 жыл 11 шілде Булаев қаласы бойынша:**

Бірімжанов Азамат Тоқышұлы, 1987 жылы туған, пайдалану учаскесінің бастығы, «Сапро НАТ» ЖШС, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаевауданы, Булаевқ. «Қазақстан халық партиясы» ҚБ ұсынған.

Тұтүнова Айша Көшербайқызы, 1968 жылы туған, еңбек нарығын талдау жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы. Тұрғылықты жері: Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қ., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

**Алтын дән ауылдық округі бойынша:**

Зиберт Юлия Александровна, 1980 жылы туған, жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарақоға а., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Форш Валерий Яковлевич, 1966 жылы туған, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Совет а. «AMANAT партиясы» ҚБ ұсынған.

**Бастомар ауылдық округі бойынша:**

Қайыржанов Марат Қанатұлы, 1985 жылы туған, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бастомар а., «AMANAT партиясы» ҚБ ұсынған.

Қонаев Рамазан Мәулетайұлы, 1987 жылы туған, терроризмге қарсы комиссиясының жұмысы бойынша аудан әкімінің кеңесшісі, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынған.

**2024 жыл 12 шілде Булаев қаласы бойынша:**

Исенов Марат Сағынтайұлы, 1983 жылы туған, директор, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев аудандық білім бөлімі» КММ «Чистов орта мектебі» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистов а., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды.

**Алтын дән ауылдық округі бойынша:**

Умовист Елена Анатольевна, 1975 жылы туған, басшының орынбасары, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қ., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды.

**Бастомар ауылдық округі бойынша:**

Смағұлов Бекежан Бақытжанұлы, 1978 жылы туған, участке басшысы, «Сапро-НАТ» ЖШС, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы,Булаев қ., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды.

**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.**

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Бастомар ауылдық округі әкіміне кандидат Марат Қанатұлы Қаиржановтың тіркелуіне байланысты учаскелік сайлау комиссияларында өзгерістер болды: тікелей бағыныстағы учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің міндеттерін атқаруды тоқтатқандар орнына тағайындалды:

№ 211 учаскелік сайлау комиссясы бойынша:

ҚожамсейітоваБақытҚалтайқызының орнына - Баран Вера Васильевна.

Иванова Евгения Сергеевна орнына - Свинарева Виктория Васильевна

№ 235 учаскелік сайлау комиссясы бойынша:

Бабёнышева Светлана Анатольевна орнына – Мацко Вячеслав Борисович.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Алтын дән ауылдық округі әкіміне кандидат Валерий Яковлевич Форштың тіркелуіне байланысты учаскелік сайлау комиссияларында өзгерістер болды: тікелей бағыныстағы учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің міндеттерін атқаруды тоқтатқандар орнына тағайындалды:

№ 240 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша:

Мангура Алсу Ханифовна орнына - Оштук Валентина Николаевна;

Шарапова Светлана Геннадьевна орнына - Сергиенко Лариса Олеговна.

ПРЕЗИДЕНТ

## ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ПЫСЫҚТАУ МАҢЫЗДЫ

***Мемлекет басшысы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төраеасы Жандос Шаймардановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдік және ұлттық экономикадаеы қазіргі трендтер туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ құрылымдық реформаларды одан әрі жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар таныстырылды.***

Агенттік төрағасы мемлекеттік статистика мен деректерді басқару негіздерін институционалдық тұрғыдан күшейту туралы баяндады. Оның айтуынша, Ұлттық статистика бюросына әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау өкілеттігі берілді. Жыл соңына дейін тоғыз мемлекеттік органның деректер базасы сапасына бағалау жүргізіледі. Бұл әкімшілік дереккөздері үшін сапа стандарттары мен халықаралық әдістемені қолдануға көмегін тигізеді.

Мемлекет басшысына Агенттіктің әкімшілік және баламалы ақпарат көздерін белсенді пайдалануды ескере отырып, статистикалық қызметті қысқа мерзімді жоспарлаудан үш жылға дейінгі орта мерзімді жоспарлауға көшуі жөнінде айтылды.

Жандос Шаймарданов аталған реформалар статистикалық есептілікті 2 есеге дейін азайтуға мүмкіндік беретінін және деректердің сапасы мен ресми статистикаға деген сенімді арттыратынын жеткізді.

Кездесу соңында Президент әлеуметтік-экономикалық реформаларды жан-жақты пысықтаудың маңызды екеніне тоқталып, Агенттік төрағасына осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

## ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

***Қазақстанда бірінші сыныпқа баратын балалар үшін мектепалды даярлық бағдарламасы әзірленді. «Балақайлар мектебі» бірінші сынып алдында балалардың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру үшін ұйымдастырылған, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.***

Ол мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді, балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының барлық бағыттары бойынша мектепке алдын ала дайындауға мүмкіндік береді. Бағдарламаға Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандартына сәйкес әзірленді.

- Бағдарламаны табысты іске асыру мақсатында мектептерде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Бағдарлама бойынша оқыту 1 айға арналған. Сабақтар күн сайын 30 минуттан 10 минуттық үзілістермен өткізіледі. Балаларға білікті бастауыш сынып мұғалімдері немесе мектепалды сынып мұғалімдері сабақ береді, - дейді мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

## ТАҒАЙЫНДАУ



«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ «Еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ директорының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 482 өкімімен «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы» филиалының директоры лауазымына Динара Фарманқызы Мұхамеджанова тағайындалды.

Динара Фарманқызы 1988 жылы 28 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Полтавка ауылында дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы. Екі жоғары білімі бар. 2020 жылы Абай Мырзахметов атындағы университетті құқықтану мамандығы бойынша, 2024 жылы тарих мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2013 жылы «Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ компьютерлік техника операторы бастап, кейін заңгер болды. Сондай-ақ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ іс жүргізушісі, Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығында маман болып қызмет етті.

2023 жылдан бастап осы лауазымға тағайындалғанға дейін «Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы» филиалының бөлім басшысы болып еңбек етті.

## Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі лауазымына үміткер

# БІРІМЖАНОВ АЗАМАТ ТОҚЫШҰЛЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

Мен, 1987 жылы дүниеге келдім. 2008 жылы Қазақстан Республикасы ҰҚК Әскери институтын «Шекаралық бақылауды басқару» мамандығы бойынша бітірдім, 2014 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша қосымша жоғары білім алдым. Үйленгенмін, екі балам бар.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мен Булаев қаласының әкімі болып сайлансам, Сіздердің ұсыныстарыңыз бен өтініштеріңізді шешуге тырысып, сайлаушыларымның мүдделерін қорғайтын боламын.

Мен негізгі күш-жігерімді қала халқының әл-ауқаты мен жайлы тұруын арттыруға жұмсаймын, шағын және орта бизнесті дамытуға және келесі міндеттерді шешуге бағытталатын болады:

- НПС көшесінің қазандығын жөндеу;
- Элеваторный өткелі мекен-жайы бойынша қазандықтың авариялық түтін құбырының мәселесін шешу;
- Медвежка ауылында, Булаев қаласында халыққа қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігі қағидаты бойынша балалар және спорт алаңдарын салу;
- тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
- экологиялық ахуалды жақсарту және халықтың жайлы тұруы үшін барлық стихиялық қоқыстарды жою бойынша кешенді іс-шаралар өткізу, қаңғыбас иттер мәселесін шешу;
- қала көшелерін жүз пайыз жарықтандыру;
- Водопроводная, Пионерская көшелеріндегі екі қабатты үйлерді жылыту.
- Булаев қаласы көшелеріндегі жолдардың тек 30%-на ғана қатты жабын төселген. Бірінші кезекте Садовая, Ново-Лесная, Киреев, Шоссейная көшелерінің жол жабынын жөндеу мәселесін шешемін. Жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп, асфальтталған көшелер санын 60 пайызға жеткізу үшін 4 жылға бағдарлама әзірлейміз;
- қазіргі заманғы спорт кешенінің жабық бассейнін (шағын футбол алаңы, воркаут алаңы) салу перспективасымен халықтың мәдени-спорттық бос уақытын ұйымдастыру сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады, бұл халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысатын спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу көрсеткішін жақсартуға мүмкіндік береді;
- шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту үшін жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын ұлғайту, инвесторларды тарту бойынша жұмыс істейтін боламын;
- жас мамандарға, жастарға Мемлекеттік бағдарламалар мен жұмыс берушілердің ресурстарын пайдалана отырып, қалада бекітуге жәрдемдесу, Булаев қаласының қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысуға талантты жастарды қолдау.

Сіздердің қолдауыңызбен мен қала әкіміне кандидат ретінде алға қойылған міндеттерді орындайтыныма сенім білдіре отырып, бар проблемаларды жедел шешуге уәде беремін, сайлау алдындағы бағдарламаны іске асыру үшін бар күш-жігерімді саламын, тәжірибем мен білімімді жұмсаймын.

Тек бірге ғана біз өз әл-ауқатымызды жақсарта аламыз! Әділ Қазақстан үшін! Бақытты, гүлденген өмір сүрудің тең мүмкіндіктері үшін!

Мен әрқашан халыққа ашықпын, телефоным 87057719287.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі лауазымына үміткер

# ТҮТҮНОВА АЙША КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

Мен, 1968 жылы 24 ақпанда СҚО Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келдім.

Білімім жоғары, 2008 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін қаржы мамандығы бойынша бітірдім.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкіміне өзімді кандидат ретінде ұсындым.

Партия мүшесі емеспін.

Еңбек жолын 1987-1988 жылдары - СҚО Булаев аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер экономисі болып бастаған. 1988-1997 жылдары Булаев ауданының салық тексерушісі-инспекторы, мемлекеттік салық инспекциясының кооперативтік және ТКД бақылау бөлімінің мемлекеттік салық инспекторы, халық табысына салық салу бөлімінің мемлекеттік салық инспекторы, халық табысына салық салу бөлімінің аға салық инспекторы, жеке тұлғалардың пайдасына салық салу бөлімінің аға салық инспекторы болып қызмет еткен.

1997-2003 жылдары Булаев ауданы бойынша салық комитетінің заңды тұлғаларға салық салу бөлімінің аға салық инспекторы, салық аудиті бөлімінің аға салық инспекторы, салық аудиті бөлімінің жетекші салық инспекторы, салық және жанама салықтар бөлімінің жетекші салық инспекторы, салық және жанама салықтар бөлімінің бас салық инспекторы, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас салық инспекторы лауазымдарын атқарған.

2003-2018 жылдары – ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы бөлімінің бас маманы-бас салық инспекторы, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы, салық аудиті бөлімінің бас маманы болып жұмыс істедім.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ еңбек нарығын талдау жөніндегі бас маманы болып жұмыс істеймін.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біздің демократиялық мемлекетімізде Президент Қ.К. Тоқаевтың басшылығымен көптеген жылдар бойы барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері арасында бейбітшілік пен келісім, өзара түсіністік пен өзара қолдау сақталып келеді, экономика мен азаматтардың әл-ауқатының өсуі қамтамасыз етіледі, экономикалық және әлеуметтік салаларда түрлі жобалар іске асырылуда.

Мені Булаев қаласының әкімі лауазымына сайлаған жағдайда, мен қолданыстағы заңнама шеңберінде және қаладағы бар проблемаларын шешу үшін өз өкілеттігім шегінде бар күш жігерімді саламын. Менің жұмысым округтің мәселелерін шешуге бағытталады:

- қала тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;
- ауылды абаттандыру, жолдарды жөндеу;
- аз қамтылған азаматтарды, көп балалы отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды қолдау;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты күшейту;
- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;
- жастар мен тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыру;
- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;
- мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Булаев қаласының тұрғындарының белсенді қолдауымен біз оның тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі лауазымына үміткер

# ИСЕНОВ МАРАТ САҒЫНТАЙҰЛЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

Мен, 1983 жылы 13 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Пролетарка ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары, 2008 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Химия және биология» мамандығы бойынша бітірдім.

Қазіргі уақытта Чистов орта мектебінің директоры болып жұмыс істеймін.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті қала тұрғындары!

Мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, қала халқының игілігі үшін жұмыс істейтін боламын.

Сондықтан мен Сіздерді сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің маған берген дауыстарыңыз - бұл біздің балаларымыздың, жастардың, ата-аналардың бақытты және гүлденген өміріне қосқан үлестеріңіз!

Маған көрсеткен сенімдеріңіз үшін, Булаев қаласы әкімінің кандидатурасына кандидатурамды ұсынғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Мені қала әкімі болып сайлаған жағдайда, өз жұмысымның мақсаты - Булаев қаласын дамыту (оның ішінде Медвежка ауылының аумағы, НПС алаңы). Осы мақсатқа жету үшін депутаттармен, жұртшылықпен, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен, кәсіпкерлермен және тұрғындармен белсенді өзара іс-қимыл жасау маңызды деп санаймын. Менің сайлауалды бағдарламам келесі міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Ол үшін сумен жабдықтау жүйесін жөндеуге қаржы бөлу мәселесін қарауға бастамашы боламын;
- қала аумағын абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша, әсіресе рұқсат етілмеген полигондар мәселесіне қатысты тұрақты жұмыс атқарамын. Өз өкілеттігім шеңберінде барлық елді мекендердің аумағын жайластыру мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды жан-жақты қолдау, жастардың және қала халқының бос уақытын ұйымдастыру.

Бұл мен әкім ретінде жүзеге асыруды жоспарлап отырған негізгі бағыттар мен бірінші кезектегі міндеттер. Әрине, өмір мен бюджеттің нақты мүмкіндіктері түзетулер енгізуі мүмкін.

Дегенмен, қала тұрғындарымен бірауыздан және бірлесіп жұмыс істеу арқылы біз жақсы нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімдімін. Мен олардың шешімін толық шешуге тырысамын.

Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңызға шын жүректен үміт артамын!

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер

# ЗИБЕРТ ЮЛИЯ АЛЕКСАНДРОВНА



### ӨМІРБАЯНЫ

1980 жылы 30 қазанда СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары, 2005 жылы Орталық Азия университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкіміне өзімді кандидат ретінде ұсындым.

AMANAT партиясының мүшесімін.

Қазіргі уақытта «СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істеймін.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алтын дән ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімімнің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеру, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындау.

Егер мені жерлестер сайласа, келесі мақсаттарға жұмысымды бағыттаймын:

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларды іске асыру;
- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;
- жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер

# УМОВИСТ ЕЛЕНА АНАТОЛЬЕВНА



### ӨМІРБАЯНЫ

1975 жылы 15 қаңтарда СҚО Возвышен ауданы Майбалық ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары, 2008 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін есеп және аудит мамандығы бойынша бітірдім.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкіміне өзімді кандидат ретінде ұсындым.

«Amanat» саяси партиясының мүшесімін.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ басшысының орынбасары болып жұмыс істеймін.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен біздің демократиялық мемлекетімізде көп жылдар бойы бейбітшілік пен келісім, халықтар мен ұлт өкілдері арасында түсінушілік пен өзара қолдау сақталып келеді, азаматтардың әл-ауқаты және экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі, әлеуметтік және экономикалық салаларда әртүрлі жобалар іске асырылуда.

Егер, мен Алтын дән ауылдық округінің әкіміне сайлансам, мен қолданыстағы заңнама және өз құзырым шегінде ауылдық округтегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Менің бағдарламам келесі мәселелерді шешуден тұрады:

- өмір сапасын, ауылдық округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыру;
- округтің ауылдарын абаттандыру, жолдарды жөндеу;
- зейнеткерлерді, мүгедектігі бар адамдарды, көп балалы және аз қамтылған азаматтарды қолдау;
- салауатты өмір салты және адамгершілікті насихаттау жұмысына күш салу;
- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;
- Мемлекеттік бағдарламаны орындау;

Округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұр- ғындардың әл-ауқатын жақсартуға күшімізді салуға дайынбыз.

Сайлауға келіңіздер, маған дауыс беріңіздер!

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер

# ФОРШ ВАЛЕРИЙ ЯКОВЛЕВИЧ



### ӨМІРБАЯНЫ

1966 жылы 16 ақпанда Көкшетау облысы Чкалов ауданы Новодворовка ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 1990 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын «бейнелеу өнері, сызу және еңбек мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылдың қыркүйек айында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Советское ауылы, Совет орта мектебінде бейнелеу пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1993 жылдан 1998 жылға дейін «Советская» агрофирмасында көркемдік кесу және безендіру шебері болып жұмыс істеді. 1999 жылы «Совет-СК» ЖШС құрылыс бөлімінің прорабы болып ауыстырылды. 2013 жылы «Совет-СК» ЖШС директорының орынбасары болды. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Советское а.мектебінде бейнелеу өнері және көркем еңбек мұғалімі болып жұмыс істейді. 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Алтын дән ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мен ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді салуға ниеттімін.

Осы ауданның тұрғыны бола отырып, мен Алтын дән ауылдық округі тұрғындарының тағдырына бей-жай қарамаймын. Сондықтан мен округ тұрғындарының өмірін жақсарту үшін бар күш-жігерімді, білімімді және тәжірибемді жұмсаймын. Менің жұмысым барысында ауылдық округте Придорожное ауылындағы көшелер жарықтандырылды, Советское ауылының мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізілді, Советское ауылында тарату желілері мен сорғы станциясының құрылысы жүргізілді, Советское ауылында волейбол алаңы бар қосымша балалар алаңы орнатылды.

Бірақ атқарылған жұмыстарға қарамастан, ауылдық округ тұрғындарының өміріне тікелей әсер ететін шешілмеген мәселелер әлі де бар. Кентішілік жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру және бос уақытты ұйымдастыру - жақын арада шешілуі керек маңызды мәселелер.

Жинақталған сұрақтарды шешу үшін мен Сіздерден, қымбатты жерлестерімнен, қолдауды күтемін!

Егер Сіздер мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаңыздар:

- КММ балансына трансформаторларды орнату бойынша жұмысты аяқтау және Советское ауылын 100% жарықтандыруды қамтамасыз ету;
- ауылдық округтің кентішілік жолдары ішіндегі сапаны жақсартуға септігін тигізу;
- Совет ауылы мәдениет үйінде мәдени-бұқаралық және спорттық бағдарламалар өткізу;
- Советское ауылындағы кенттік жолдар ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізетін боламын.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

21 ШІЛДЕ - МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

# МЕТАЛЛУРГТЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

**Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылдың 15 карашадағы Жарлығы бойынша шілденің үшінші жексенбісі металлургтер күні ретінде аталып өтіледі.**




Өнеркәсіп өндірісіндегі сан-алуан жұмысшы мамандықтарының көптігі өмірге бүкілхалықтық салалық мерекелердің пайда болуына әсер етті. Соның бірі - Металлургтер күні.

Металлургия - (грек сөзіне аударғанда - метал өңдеймін) - ғылымның, техниканың, өнеркәсіптің кеннен немесе басқа да материалдардан металл алу процестерін, сондай-ақ металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беру процестерін қамтитын саласы. Металлургия - түсті және қара, галламды, өте жоғары температурада (2000-20000 К)өтетін плазмалы және лазермен өңделетін металлургия болып ажыратылады: орындалатын процестерге байланысты пирометаллургия және гидрометаллургияға бөлінеді.

Қара металлургия - металлургияның ғылымы мен техникасының қара металдар өндіруде кен шикізатын қазып алудан бастап, оны өңдеп шойын, ферроқорытпа, болат, илек, құбыр, рельс, т.б. өнімдерді алуға дейін қамтитын саласы. Қазақстан қара металлургиясының байлығы мен болашағы - темір кендері. Оның негізгі қорлары Қостанай, Қарағанды және Жезқазған облыстарында шоғырланған. Қара металл шикізатының базасы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты мен Лисаковск комбинатында өндіріледі.

Түсті металлургия - кен шикізаттарын өндіру мен өңдеуден бастап, дайын өнім алуға дейінгі түсті металдармен олардың қорытпалары өндірісін қамтиды.

Галламды металлургия - су ерітінділерінен галламдарды химиялық жолмен қалпына келтіру арқылы металдар мен олардың қосылыстарын алу процестерін зерттейді. Металлургияның бұл саласы дүниежүзінде алғаш рет Қазақстанда 1960 жылдан бері жасалады.

Плазма металл бетін тазалауда және әр түрлі беттерді металмен қаптау технологиясында, термоядролық зерттеулерде, плазма химиясында, т.б. қолданылады. Қазақстанда металлургия саласы бойынша «Металлургия және кен байыту институты», Химия-металлургия институты, Қазақ ҰТУ нәтижелі табыстарға қол жеткізіп келеді.

Ендеше, металлургия саласының мамандарын келе жатқан кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңзге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Жұмыстарыңыздың жемісті табысын көре беріңіздер!

Мақала интернет желісінен алынған.

РЕТРО ӘН-КЕШІ

# «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»

*Музыка - сиқырлы күш! Музыка бізге қуаныш, сезім, жан толқуын береді! Музыка адамдарды, ұрпақтарды, уақыттарды, дәуірлерді байланыстырады! «Ретро» дәуірі - бұл барлық қиындықтарға қарамастан күш, қуат, нәзіктік, қадір-қасиет пен сенімге толы үлкен дәуір. Иә, ретро әндерге күні бүгінге дейін жұрттың ықыласы ерекше. Мәнді де ырғақты әуендер өткен күннен сыр шертетін тамаша сәттерді тағы бір еске түсіруге ықпал ететіндігі сөзсіз.*






Шілде айының 11-ші жұлдызында аудан орталығындағы «Достық» саябағында «Ретро» ән-кеші болып өтті. Бұл күні Мәдениет үйінің өнерпаздары 60-70 жылдардың танымал әндерді шырқаса, «Ханшайым» би тобы сол жылдардағы танымал әндерге би билеп, көрермен қауымға ерекше көңіл күй сыйлады. Айта кету керек, концерттік бағдарлама барысында жиналған көрермендермен бірге қызықты ойындар ойнатылып, кештің көркі бимен қызды. Сондай-ақ балдай тәтті балалар мен ересек тұрғындар үшін саябақта сауда-саттық ұйымдастырылды.

Жұртшылықты ретро әндермен сусындату мақсатында ұйымдастырылған кешті аудан тұрғындары көптен күткендей болды

Ерекше форматта өрбіген концерттік бағдарламаның куәсі болған қала тұрғындары бір жасап қалғандарын еш жасырмады. Аға буын өкілдері алыстап кеткен сағынышқа толы сағым жылдарға қол бұлғап, жастық шақтары қайта оралғандай болды.

Мәнді де ойнақы әуендер әуелеген кеш тамаша сәттерді тағы бір еске түсіруге мүмкіндік берді. Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында жұртшылық жүрегінен орын тепкен ретро әндер күні бүгінге дейін өз тыңдармандарын жоғалтпай, өзінің жалғасын тауып, сүйікті тыңдармандарына жол тартып келуде.

Жиналған жұртшылық кеш соңында көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне тарасты.

БОЯУЛАР ФЕСТИВАЛІ






# «ЕСТЕН КЕТПЕС КЕШ»

**14 шілде күні ауданымыздағы «Достық» саябағында «Бояулар» фестивалі болып өтті.**

Бұл фестиваль аудан орталығында жыл сайын өткізіледі. Әр жазда «Достық» демалыс саябағы ешкімді бей-жай қалдырмайтыны сөзсіз.

Бұл күні көңілді әндер, конкурстар, лотереялар және ең бастысы, түрлі түсті бояулардың шашырауы өтті.

Фестивальге 100 кг-нан астам брендтік бояуларында сапа сертификаты бар холли бояуы сатып алыныпты. Ең бастысы бояулар мүлдем зиянсыз және гипоаллергенді емес, бояу жағылғаннан кейін, жуған кезде тез кетіп, дақ қалдырмайды - деді фестивалді ұйымдастырушылардың бірі, «Ғажайыптар елінде» мерекелік агенттігінің директоры Валерия Симакова.

Сондай-ақ, Валериямен бірге аудандық мәдениет үйі мен «Алтын ұрпақ» демалыс және шығармашылық орталығының қызметкерлері ерекше фестиваль ұйымдастыруға атсалысып, жоғарыда атап айтқанымыздай лотереялар, сыйлықтарды табыстады.

Айта кетейік, іс-шараның деңгейі мен ауқымы бойынша Булаев қаласында ұйымдастырылған фестиваль облыс орталығының осындай іс-шарасынан еш кем түспеді. Қала тұрғындары мерекелік атмосферасынан ләззат алды.

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТ

# СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

*Зейнетке шығу – әр адамның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Жастық шағын еңбекпен өткізген әр адамның құрметпен зейнетке шығуы абырой, кейінгіге үлгі боларлық дәреже. Таяуда Булаев қаласындағы «Достық» мәдениет және демалыс саябағының меңгерушісі Мейрам Қағошұлы Рыспаев - 63 жасқа келіп, құрметті зейнетке шықты.*



Мейрам Қағошұлы ауданда ғана емес, облыс көлемінде танымал, ұлттық құндылықтардың дамуына үлес қосып жүрген нағыз намысшыл жан. Ол ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, он жыл бойы «Мақсат» қазақ этномәдени бірлестігін басқарып келеді. Сонымен қатар, он саусағынан өнер тамған ағамыз қолөнерші, халық шығармашылығындағы үздік шеберлердің бірі.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген дана халқымыздың нақыл сөзі Мейрам Қағошұлына қаратып айтылғандай. Оның былғарыдан, жүннен, матадан, ағаштан жасаған бұйымдары мен заттары аудандық және облыстық деңгейде өтетін іс-шаралардың төрінде орын алып келеді.

Мәселен, Мейрам Рыспаев 2017 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қолөнершілер делегациясының құрамында Астана қаласындағы ЭКСПО көрмесіне қатысып, өз қолынан жасаған дүниелерін бүкіл ел тамашалады. Өткен жылы ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдығына орай оның қолөнер бұйымдары Петропавл қаласында өткен «Салт-дәстүр» этномәдени бірлестіктерінің облыстық байқауында паш етіліп, бас жүлдені жеңіп алды.



Мейрам Қағошұлы өзінің туындыларымен Наурыз мейрамына, Қазақстан халқы бірлігі күніне, Рухани келісім күні және басқа да мерекелерде ұлттық қолөнерді, салт-дәстүрді, құндылықтарды насихаттап, оның дамуы мен нығаюына өзіндік үлесін қосып келе жатқан ұлт жанашыры.

Үнемі өскелең ұрпақты ата-бабамыз қалдырып кеткен қолөнерін үйретуге баулып келе жатқан жан-жақты ағамыз қатарластарының да ұлт тәрбиесіне үлкен назар аудару қажеттігін айтып жүреді. Ағымдағы жылы аудандағы этномәдени бірлестігінің басқа басшыларымен бірге су тасқынынан зардап шеккен жандарға гуманитарлық көмек жинауды ұйымдастырып, ізгі шараның басы-қасында болды.

Еңбегі еленіп, құрметті демалысқа шығып жатқан Мейрам Қағошұлы ауданымызда төл мәдениеттің өркендеуіне сүбелі үлесін қосты және де қосып келеді. Ендеше, еткен еңбегінің зейнетін көрумен қатар, оған құрметті демалысы немерелерінің қасында әдемі жалғасуын, жапырағы жайылған мәуелі бәйтеректің ғұмырын тілейміз.

**Айгүл АБСАЛЫҚОВА,**
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ

# СПОРТШЫЛАР АУДАН НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАДЫ



*9-13 шілде аралығында Айыртау ауданында «Қызылжар» ұлттық спорт түрлерінен фестиваль өтті.*

Фестиваль аясында спортшылар көкпар, аламан бәйге, жорға жарыс, құнан бәйге, қазақ күресі, жекпе-жек, тоғызқұмалақ, қол күрес, бес асық, асық ату бойынша сынға түсті.

Қазақ күресінен 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан Сағынтай Майлашев чемпион атанды. Ал қол күрестен өз салмақ дәрежесінде Сағынтай Смаилов күміс медальды еншілесе, Григорий Каско қола медальды иеленді.









## Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

# ҚАЙЫРЖАНОВ МАРАТ ҚАНАТҰЛЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

1985 жылы 2 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Возвышенка ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары - 2014 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ жұмыспен қамту мәселелері бойынша маман болып бастаған. 2016 жылдан бастап «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Александровка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маман-хатшысы. 2018 жылдан бастап «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маманы болып жұмыс істеді. 2020 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімінде жұмыс істеді, 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ әкімі болып жұмыс істеді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бастомар ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мен ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді салуға тырысамын.

Мен Бастомар ауылдық округі тұрғындарының тағдырына үлкен мән беремін. Сондықтан мен округ тұрғындарының өмірін жақсарту үшін бар күш-жігерімді, білімімді және тәжірибемді жұмсаймын. Менің жұмысым кезеңінде ауылдық округте Бастомар, Писаревка, Веселовка ауылдарындағы көшелер 100% жарықтандырылды, Писаревка ауылында тарату желілері мен су құбыры құрылыстарының алаңы салынды.

Егер Сіздер мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаңыздар:

- ауылдардағы сорғы станцияларының үздіксіз жұмыс істеуі арқылы таза ауыз суға қолжетімділікті қамтамасыз етуге қол жеткізетін боламын;
- биылғы жылы ауылдағы кентішілік жолдарды тегістеуге ықпал етемін;
- жазғы уақытта елді мекендерде абаттандыруды уақтылы жүргізу, қысқы кезеңде жолдарды тазалау бойынша жұмыс атқарамын;
- 2024-2025 жылдарға дейін Бастомар ауылындағы кентшілік жолдарды жөндеу жұмыстарын жүргізетін боламын.

Мен:

- жаңа жұмыс орындарын құруға;
- бұқаралық демалыс, мәдениет және спорт орындарын жайластыруға;
- салауатты өмір салтын насихаттауға және жастар бастамаларын қолдауға;
- әлеуметтік осал отбасыларға, тыл еңбеккерлеріне, жалғыз тұратын зейнеткерлерге қолдау көрсетуге;
- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды оқытуға және қайта оқытуға;
- жастар арасында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, округте тұратын этностардың салт-дәстүрлерін сақтауға өз үлесімді қосамын.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

# ҚОНАЕВ РАМАЗАН МӘУЛЕТАЙҰЛЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

1987 жылы 30 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2008 жылы Қазақстан-Ресей Ашық білім беру университетін Құқықтану мамандығы бойынша бітірген. 2009-2010 жылдары – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет атқарған.

Еңбек жолын 2010 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы прокурорының көмекшісі міндетін атқарушы болып бастады, 2012 жылы «Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ іс жүргізу жөніндегі инспекторы лауазымына ауысты.

2018 жылы «Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ Ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша бас маман болып қабылданды. 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін аудан әкімінің ТҚК жұмысы жөніндегі кеңесшісі лауазымында жұмыс істеймін.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өз елімнің азаматы ретінде, өзімнің борышым ретінде демократиялық өзгерістердің ішінде болып, жерлестердің өзекті мәселелерін шешуге атсалысамын. Сол әлеуметтік және саясаттық, экономиканың даму жоспарының арқасында елімізде оң өзгерістер орын алып, мемлекеттіміз көркеюде.

Егер, мен Бастомар ауылдық округінің әкімі болып сайлансам, қолданыстағы заңнаманың және өз құзыретімнің шегінде ауылдық округтегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Менің бағдарламам төмендегі бағыттардан тұрады:

- қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану, бюджет кірісін жоғарлату және оның қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- медициналық мекеменің және білім беру нысандарын сақтауға және дамытуға көмектесу;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздық деңгейін азайту;
- ауылдық округ тұрғындарын таза ауыз сумен қамту;
- ауылды абаттандыру, құрылыс және жолдарды жөндеу, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларын жүзеге асыру;
- салауатты өмір салтымен және спорпен айналысуға жағдай жасау.

Округ тұрғындары лайықты таңдау жасап, менімен бірге, көздеген мақсаттарға бірге жетеміз деген ойдамын.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

## Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

# СМАҒҰЛОВ БЕКЕЖАН БАҚЫТЖАНҰЛЫ



### ӨМІРБАЯНЫ

1978 жылы 27 қаңтарда РФ Омбы облысы Горький ауданы Чулино селосында дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі жоғары, 2005 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген., мамандығы бойынша биолог.

Еңбек жолын 1999 жылы бастауыш сынып мұғалімі, Летовка бастауыш мектебінің меңгерушісі болып бастаған.

2001 жылдан 2002 жылға дейін Писарев орта мектебінің география пәні мұғалімі;

2002 жылы – білім бөлімінің әдіскері;

2003 жылы – Тыщенко орталау мектебінің директоры;

2003 жылдан 2007 жылға дейін –Октябрь орта мектебінің директоры;

2008 жылы – Октябрь орта мектебінің өндірістік оқыту шебері.

2008 жылдан 2012 жылға дейін Придорожный орталау мектебінің директоры болып жұмыс істеді.

2013 жылы – өзін-өзі жұмыспен қамтыған.

2013 жылдың қазан айынан 2018 жылдың тамыз айына дейін білім бөлімінің әдіскері болып жұмыс істеді;

2014 жылы – өзін-өзі жұмыспен қамтыған.

2014-2018 жылдары М. Жұмабаев ауданының білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі бас маманы болып жұмыс істеді;

2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін – Медвежка орта мектебінің технология пәнінің мұғалімі;

2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Сапро-НАТ» ЖШС учаске бастығы.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен біздің демократиялық мемлекетімізде көп жылдар бойы бейбітшілік пен келісім, халықтар мен ұлт өкілдері арасында түсіністік пен өзара қолдау сақталып келеді, азаматтардың әл-ауқаты және экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі, әлеуметтік және экономикалық салаларда әртүрлі жобалар іске асырылуда.

Егер, мен Бастомар ауылдық округінің әкіміне сайлансам, мен қолданыстағы заңнама және өз құзырым шегінде Бастомар ауылдық округіндегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын. Менің бағдарламам келесі мәселелерді шешуден тұрады:

- өмір сапасын, ауылдық округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыру;
- округтің ауылдарын абаттандыру, жолдарды жөндеу;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарды қолдау;
- салауатты өмір салты және адамгершілікті насихаттау жұмысына күш салу;
- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;
- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;
- Мемлекеттік бағдарламаны орындау;

Округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұрғындардың әлауқатын жақсартуға күшімізді салуға дайынбыз.

***Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.***

ЦИФРЛАНДЫРУ

# ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕЗИНЦИЯ, ДЕРАТИЗАЦИЯ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ЛИЦЕНЗИЯ АЛУҒА БОЛАДЫ

***Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру қызметі 2024 жылғы 1 шілдеден бастап elicense.kz порталында автоматтандырылды. Лицензияны заңды тұлғалар да, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар да ала алады.***



Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру қызметі 2024 жылғы 1 шілдеден бастап elicense.kz порталында автоматтандырылды. Лицензияны заңды тұлғалар да, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар да ала алады.

Лицензия алу толығымен автоматтандырылған. Қызмет көрсету мерзімі жаңа лицензия алу үшін 15 жұмыс күнін және қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеу үшін 3 жұмыс күнін құрайды.

Лицензия беру қызметін алушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері жүзеге асырады.

**Пайдаланушыға лицензия алу үшін:**

- elicense.kz порталында авторизация жасау және «Денсаулық сақтау» бөліміне өту;
-қызметтер тізбесінен «Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензия беру» таңдау;
- барлық қажетті өрістерді толтыру, файлдарды жүктеу және мемлекеттік бажды төлеу;
- ЭЦҚ/QR көмегімен қызметке қол қою қажет.

Мемлекеттік орган оң шешім шығарған жағдайда лицензия түріндегі рұқсат құжаты elicense.kz порталындағы пайдаланушының «Жеке кабинетіне» «Лицензиялар» модуліне жіберіледі. Өтініш бойынша бас тартылған жағдайда «Менің өтініштерім» модулінде дәлелді бас тартудың нәтижесі сақталады.

Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция және дератизация бойынша қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері лицензияны 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін алуы міндетті екенін айта кету керек.

Лицензия беру кезінде 10 АЕК мөлшерінде, 1 АЕК қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым төленеді. Төлем банктің кез келген бөлімшесінде заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің тіркелген жері бойынша Салық органының атына жүзеге асырылады.

Қызмет ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.**




ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

# ПЧ-18 ЖҰМЫСШЫЛАРЫМЕН ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗДІ

**Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығының м.а; полиция капитаны А.С.Жүнісов және ПЧ-18 ұйымының шебері В.И.Сенин теміржол ұйымдары жұмысшылары арасында жазатайым оқиғаның алдын алу, болдырмау мақсатында теміржолшылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.**



Кездесу барысында жұмысшыларға темір жол тараптарында қауіпсіздік ережелері, темір жол жолдарынан өту кезіндегі қауіпсіздік талаптары, жылжымалы құрамның соқтығысуын болдырмау және темір жол станциясының аумағында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік талаптары туралы еске салып өтті. Сондай-ақ, көлік сақшысы темір жол бойымен өту, темір жол өткелдеріне тиісті белгілермен белгіленген арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдері, жаяу жүргіншілер көпірлері, туннельдер, палубалар арқылы ғана рұқсат етілетінін түсіндірді. Жұмысшылардың жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік белгілері талаптарын қатаң сақтаулары қажет екені жайында, көрінетін және дабыл белгілері, жылжымалы құрамның келе жатқаны жайлы хабарландыру дабылдарына құлақ асып ережені қатаң сақтаулары жайында айтты. Көрінуді қиындататын бағыттамалық бекеттер орналасқан жерде темір жол бойымен жұмыс істеу кезде, ол бойынша қозғалатын жылжымалы құрамның екі жағынан өту орнына дейін болмауын алдын ала тексеру керек, екені қатаң түсіндірілді.

Жұмысшылармен өткен кездесу соңында Булаев ст. ЖП бөлімшесі бастығының м.а.полиция капитаны Аслан Жүнісов кездесуге қатысушыларға: "Темір жол - қауіптілігі жоғары аумақ. Жұмыс барысында барлық қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпауларыңыз қажет", - деп ескерту жасады.

**Петропавл ст. ЖПБ.**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

# СУҒА ШОМЫЛУ ҚЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

***Жаз мезгілінде өзен, көлдердің жағасында уақыт өткізген жақсы. Жағажайда демалып қана қоймай, денсаулықты да нығайтуға болады. Суға шомылу, күннің көзіне қыздырыну адамды сергек етеді және жұмысқа қабілетін арттырады.***

Алайда ауданымызда су айдындарының барлығына суға түсуге рұқсат етілмеген, суға түсуге жарамды болып бекітілмеген. Жаздың ыстық күндері денені салқындату үшін суға шомылатынымыз барлығымызға мәлім. Суға шомылу кезінде қарапайым ережелерді сақтамасақ, бақытсыз жағдайларға тап болуымыз мүмкін. Суға түсу кезінде көбінесе балалар, ішімдік ішкен адамдар ғана емес, денсаулығы мықты жүзу білетін адамдар да қайғылы жағдайға тап болады. Ал мұндай жағдайда дер кезінде, тез және дұрыс шешім қабылдай білу керек.



**Суға шомылу кезінде қарапайым ережелерді сақтай біліңіз:**

- Суға шомылатын арнайы орынды дұрыс таңдай біліңіз.
- Суға түсуге болмайтын белгіден аспаңыз, тыйым салынған жерлерге шомылмаңыз және суда жүрген моторлы кемелерге жақын жүзбеңіз. Бұл сіздің өміріңізге өте қауіпті.
- Ата-аналар балаларға қамқорлық жасап, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмау керек!
- Ішімдік ішкен жағдайда суға түсуге болмайды!

Тыйым салынады:

- Жүрек ауруымен ауыратын адамдарға суға түсуге, өйткені суға түсу кезінде қосымша қорқыныштар пайда болады;
- Қатты толқын кезінде суға түсуге;
- Үлкендердің қарауынсыз балаларды суға шомылуға жібермеуге;
- Камерадан басқа талапқа сай келмейтін құралдармен суға түспеуге;
- Салқын суда ұзақ болмауға, суда ұзақ болу денені салқындатады;
- Қауіпті жағдай туралы хабар естігенде суда болмауға;

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

# 2024 ЖЫЛДЫҢ 3-ІШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Ысқақова Бақытжан Нұрмұқанқызы апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Бөлім басшысының орынбасары Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел. 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мұсатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканы бөлімі» КММ ғимараты. тел. 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі - Омарова Шырайлым Рысбайқызы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Лебяжье ауылы, тел. 5-23-39.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка ауылы, тел. 3-12-62.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайларымен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - **8(71531) 2-81-49.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - **8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ - **8(71531) 2-12-01.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-23-39.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-12-62.**

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 655

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады